

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.1 14 беттен 2 вұсқа
---	--	------------------------------

БЕКІТІЛДІ
«М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті» ҚЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімі
№1 «27» қаңтар 2022 ж.

*(өзгертулер мен толықтырулар
2025 ж. 28 қаңтардағы №1 шешім)*



**«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы
ЕРЕЖЕ**

Шымкент, 2025

Корпоративтік хатшының қолы

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.2 14 беттен 2 вұсқа
---	--	------------------------------

1. Жалпы ережелер

1. «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (бұдан әрі - Заң); Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік Ереже» (бұдан әрі - үлгілік Ереже); «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы; ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 тамыздағы №398 бұйрығымен бекітілген «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ-ның Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) негізінде әзірленді (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

2. «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның (бұдан әрі - Қоғам), оның қызметкерлерінің және білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеушілік талаптарды және Қоғам ұстануға міндетті Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда (бұдан әрі - заңнама) көзделген өзге де сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеушілік талаптарды, сондай-ақ Қоғамда көрсетілген талаптарды орындау жөніндегі саясаттар мен рәсімдерді белгілейтін Қоғамның ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құрылады (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мәртебесі

3. Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі (бұдан әрі - Қызмет) ұйымдық құрылымдарының, оның жұмыскерлері мен білім алушыларының Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функцияны атқарады.

4. Қызмет Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылады және Қоғамның құрылымдық бөлімшесі болып табылады (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

5. Қызметтің жұмысы Директорлар кеңесі бекітетін ішкі нормативтік құжатпен регламенттеледі (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.3 14 беттен 2 вұсқа
---	--	------------------------------

6. Қызмет өз өкілеттігін атқарушы органға, Қоғамның лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, Директорлар кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Бұл ретте Қызметтің басшысы мүдделердің ықтимал қақтығысын ескере отырып айқындалады. Қызмет функцияларын Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен қосымша атқаруға жол берілмейді (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

7. Атқарушы органмен өзара іс-қимыл шеңберінде Қызмет (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар):

1) Басқарманың тексерулер мен консультациялар жүргізу жөніндегі ұсыныстарын ескере отырып, Қызметтің жұмыс жоспарын қалыптастырады;

2) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қызметтің жұмыс жоспарын ұсынады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша консультациялар береді;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері, сондай-ақ егер бұзушылықты жасауға Қоғамның атқарушы органының мүшелері тартылған жағдайлар туралы атқарушы органның басшысын дереу хабардар етеді;

4) атқарушы органға шешім қабылдау үшін жүргізілген қызметтік тергеп тексерулердің нәтижелері бойынша қорытынды мен материалдарды ұсынады;

5) атқарушы органға Қоғамның, оның қызметкерлері мен білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді.

8. Қызмет басшысын тағайындауды және жұмыстан босатуды Директорлар кеңесі жүзеге асырады (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі Қызметке әдіснамалық, әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсетеді (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

10. Қызметтің атынан Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелеріне, Қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствоға бағынысты ұйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға Қызметтің басшысы қол қояды (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

11. Қызмет туралы Ереже Қоғамның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық жұмыскерлеріне хабардар етіледі.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.4 14 беттен 2 вұсқа
---	--	------------------------------

12. Қызмет Қоғамның өзге құрылымдық бөлімдері құзіретіне жататын жұмыстарға, сондай-ақ өз құзіретіне жатпайтын бағдарламалар мен жобалардың дайындалуы немесе орындалуына тартылмайды.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жұмыскерлеріне Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының ережелері қолданылады.

3. Қызметтің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары және функциялары

14. Қызмет әрекет етуінің негізгі мақсаты ұйымдық құрылымдары мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

15. Қызметтің міндеттері (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар):

1) Қоғаммен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

16. Қызмет келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстың тиімділігіне мүдделілігі;

2) Қызметтің тәуелсіздігі;

3) Қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсты жүзеге асырудың үздіксіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсты жетілдіру;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіліктер мен ресурстардың жеткіліктілігі (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар);

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзіреттерін үнемі арттыру (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.5 14 беттен 2 вұсқа
---	--	------------------------------

17. Қызметтің функциялары (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар):

- 1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:
 - Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясаты;
 - Қоғам қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;
 - Қоғамда мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
 - Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;
 - корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;
- 2) Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 3) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және Қоғамның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;
- 5) Қоғамда анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;
- 6) Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 7) Қоғам қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;
- 8) Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.б 14 беттен 2 вұсқа
---	--	------------------------------

9) Қоғам ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) Қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Қоғамдағы құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамда жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) Қоғамда сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

16) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

19) Басқарма Төрағасы-ректорына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Қоғамның қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

20) Қоғам қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	6.7 14 беттен 2 вұсқа
---	--	------------------------------

4. Қызметтің құрылымы және біліктілікке қойылатын талаптар

18. Директорлар кеңесінің шешімімен Қызмет басшысын тағайындау жүзеге асырылады, оның өкілеттік мерзімі, сыйақы мөлшері және еңбекақы төлеудің шарттары айқындалады (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

19. Қызметтің басшысы Қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

20. Қызмет басшысының ұсынуы бойынша Басқарма төрағасы-ректордың шешімімен Қызметтің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), қызметкерлерінің өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

21. Қызмет басшысы Қоғамның Директорлар кеңесіне Қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныс береді.

22. Қызметтің басшысы/сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер болып келесі талаптарға сәйкес келетін тұлға тағайындалады:

- жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және сыбайлас жемқорлыққа немесе комплаенс саласындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл не жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша арнайы даярлығы және ұйым қызметінің бейіні бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жөніндегі маман болып келесі талаптарға сәйкес келетін тұлға тағайындалады:

- жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша арнайы даярлығы бар, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

24. Қызмет жұмыскерлерінің функционалдық міндеттемелері сәйкес келетін лауазымдық нұсқаулықтарда айқындалады (1,2 қосымша).

5. Қызметтің өкілеттіктері

25. Қызмет өз әрекеті шеңберінде (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар):

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) Директорлар кеңесінің қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;

Корпоративтік хатшының қолы



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.8 14 беттен 2 вұсқа
---	--	------------------------------

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) Қоғам басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) Қоғам қызметкерлерінің Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады.

26. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қызмет (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар):

1) Қоғам және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды;

2) Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уактылы хабардар етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) Қоғамның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

27. Қызметтің жұмыскерлеріне (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар):

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	6.9 14 беттен 2 вұсқа
---	--	------------------------------

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде Қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

28. Қоғам басшылығы (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар):

1) Қызметтің әрекетін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2) Қызметтің жұмысын әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктер, активтер және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3) Қызметтің басшысы мен жұмыскерлеріне Қызметтің әрекет етуі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

29. Қызметтің Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

30. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері Қызметке келесідей жәрдемдеседі (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар):

1) Қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындайтын сұрақтар мен мәселелерді бірлесіп шешу.

6. Қызметтің есептілігі

31. Қызмет қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қоғамда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жібереді (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

32. Қызмет жыл сайын, ал қажет болған жағдайда мерзімді түрде Директорлар кеңесі алдында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	6.10 14 беттен 2 вұсқа
---	--	-------------------------------

есепті ұсынады (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

33. Қоғамның басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда Қызмет Заңның 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

7. Қызмет жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары

34. Қызмет жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру осы Ережеде көзделген талаптарды ескере отырып, олармен жасалған еңбек шарттарына сәйкес жүргізіледі (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

35. Қызмет басшысының лауазымдық жалақысының мөлшерін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзгеруі мүмкін (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

36. Қызмет жұмыскерлеріне жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыруға материалдық мүдделілік мақсатында жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төленуі мүмкін. Сыйақы тұрақты сипатта болмайды және орташа жалақыны есептеу кезінде ескерілмейді (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).


37. Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы мөлшерін Қоғамның Директорлар кеңесі әрбір қызметкердің әрекетін бағалауға жеке көзқарас негізінде айқындайды және Қызметтің жылдық жұмыс жоспарын орындаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне байланысты (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

38. Қызмет жұмыскерлеріне ұзақтығы күнтізбелік 30 (отыз) күн ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі (28.01.2025ж., №1 шешім негізінде өзгертулер мен толықтырулар).

8. Қорытынды ережелер

39. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

40. Осы Ереженің жекелеген тармақтары қолданыстағы заңнамаға карама-қайшылыққа түскен жағдайда, ол тармақтар жарамсыз деп есептеледі және сол тармақтармен реттелетін сұрақтар бөлігінде осы Ережеге тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін қолданыстағы заңнама нормаларын жетекшілікке алу қажет болады.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.11 14 беттен 2 вұсқа
---	--	-------------------------------

Қосымша 1

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы / Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің **лауазымдық нұсқаулығы***

1. Лауазымдық міндеттері:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында құқықтық актілер мен нормативтік құжаттар әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпараттық қызметті қамтамасыз етеді;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен ұйымның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша өткізілетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;
- 5) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторингті қамтамасыз етеді және оларды барынша азайту мен жою жөнінде шаралар қабылдайды;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын қамтамасыз етеді;
- 7) жұмыскерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын қамтамасыз етеді;
- 8) жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп мен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылайды;
- 9) ұжымда жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес келетін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді;
- 10) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын бақылайды;
- 11) құрылымдық бөлімшелердің жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылайды;
- 12) мүдделер қақтығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингтеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді;
- 13) сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді;
- 14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді қамтамасыз етеді;
- 15) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулерді қамтамасыз етеді және (немесе) оларға

Корпоративтік хатшының қолы

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.12 14 беттен 2 вұсқа
---	--	-------------------------------

қатысады;

16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдауды қамтамасыз етеді;

17) құрылымдық бөлімшелер мен жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігін бағалауды қамтамасыз етеді;

18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер мен жұмыскерлердің ақпаратын тыңдайды;

19) басшыға анықталған ұйымның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

20) егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын тудырмаса комплаенс, іскерлік әдеп, тұрақты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

2. Білуге тиіс:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне қатысты заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу тәртібі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамада белгіленген қаржылық бақылау шаралары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;

5) мүдделер қақтығысын реттеу тәртібі;

6) бақылау жүйелері, әдістері мен құралдары;

7) еңбек заңнамасы, ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария жөніндегі тәртібі, өрт қауіпсіздігі талаптары.

* «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (2024 жылғы 20 маусымдағы №207 өзгертулер мен толықтырулар) негізінде жасалынған.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.13 14 беттен 2 вұсқа
---	--	-------------------------------

Қосымша 2

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жөніндегі маманның лауазымдық нұсқаулығы**

1. Лауазымдық міндеттері:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласындағы құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды әзірлейді;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинайды, өңдейді, жинақтайды, талдайды және бағалайды;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен ұйымның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша өткізілетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;
- 5) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және оларды барынша азайту мен жою жөнінде қабылданған шараларға мониторинг жүргізеді;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 7) жұмыскерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;
- 8) жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды жүргізеді;
- 9) ұжымда жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес келетін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді;
- 10) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;
- 11) құрылымдық бөлімшелердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;
- 12) мүдделер қақтығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингтеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 13) сыйлық беру және алу мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;
- 14) контрагенттердің сенімділігіне кешенді тексеру жүргізеді;
- 15) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;
- 16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа

Корпоративтік хатшының қолы



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	б.14 14 беттен 2 вұсқа
---	--	-------------------------------

байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) құрылымдық бөлімшелер мен жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) құрылымдық бөлімшелермен және жұмыскерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша ақпарат дайындауды қамтамасыз етеді;

19) басшыға анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, қызметті ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

20) қызметтің ерекшелігіне байланысты, егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын тудырмаса, комплаенс, іскерлік әдеп, тұрақты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша хат алмасуды жүргізеді.

2. Білуге тиіс:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне қатысты заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу тәртібі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамада белгіленген қаржылық бақылау шаралары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;

5) мүдделер қақтығысын реттеу тәртібі;

6) бақылау жүйелері, әдістері мен құралдары;

7) еңбек заңнамасы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.

** «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (2024 жылғы 20 маусымдағы №207 өзгертулер мен толықтырулар) негізінде жасалынған.